БЕКІТЕМІН
«Сүлейман Демирель атындағы Университет»
мекеме ректоры, п.ғ.к., ассистент профессор
_____Гаипов Д.Э
«__20__» ____мамыр____ 2022 ж.

«СҰЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» МЕКЕМЕСІНДЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН (MINOR) ОҚЫТУ ЕРЕЖЕСІ

Қаскелең, 2022

1 ДАЙЫНДАЛДЫ: Білімгерлерге қызмет көрсету орталығы, Сулейман Демирель атындағы Университеті.

2 КЕЛІСІЛГЕН:

Оқу істер жөніндегі проректор _____ А. Богданчиков
«30» 05 2022 ж.

Ғылыми істер жөніндегі проректор _____ С. Қожахмет
«30» 05 2022 ж.

Әлеуметтік даму жөніндегі проректор _____ М. Сатаев
«30» 05 2022 ж.

Әкімшілік істер жөніндегі проректор _____ А. Кочак
«30» 05 2022 ж.

Қаржы жөніндегі проректор _____ Е. Хуандах
«30» 05 2022 ж.

Оқу-әдістемелік орталығының директоры _____ А. Қуанышбаева
«30» 05 2022 ж.

Инженер және жаратылыстану ғылымдары _____ А. Жаманов
факультет деканы
«30» 05 2022 ж.

Педагогика және гуманитарлық ғылымдар _____ Дж.Оздемир
факультет деканы
«30» 05 2022 ж.

Құқық және әлеуметтік ғылымдары _____ М. Саудбаев
факультет деканы
«30» 05 2022 ж.

СДУ Бизнес мектебі деканы _____ Б. Сабденалиев
«30» 05 2022 ж.

Сапа мониторинг департаментінің _____ Г. Тогузбаева
директоры
«30» 05 2022 ж.

СДУ заңгері _____ Б. Шакенов
«30» 05 2022 ж.

3 БЕКІТІЛДІ:

Ғылыми кеңесінің № 10, «30» 05 2022 ж. хаттамасымен

МАЗМҰНЫ

1. Мақсаты	4
2. Қолдану саласы	4
3. Нормативтік құжаттарға сілтемелер	4
4. Анықтамалар және қысқарған сөздер	4
5. Жауапкершілік және өкілеттік	5
6. Жалпы ережелер	5
7. Жалпы мәлімет	5
8. Minor өзгешеліктері	6
9. Minor-каталогы	6
10. Minor бағдарламасын оқу үшін қойылатын негізгі талаптар	6
11. Minor бағдарламасы бойынша кеңес алу	7
12. Minor бағдарламасына тіркелу	7
13. Minor бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау	8
14. Minor бағдарламасын әзірлеу, жаңарту, талқылау, бекіту	8
Қосымша 1	10
Қосымша 2	13

1. Мақсаты

Бұл ереже «Сулейман Демирель атындағы Университет» мекемесінде (бұдан әрі - Университет) негізгі БББ-мен (Major) қатар қосымша ББББ (Minor) енгізу мақсатында әзірленген.

2. Қолдану саласы

Бұл ереже Minor қосымша білім беру бағдарламасының өзгешеліктерімен, Minor пәндеріне тіркелу жолы, бағалау әдісі және Minor-каталогымен танысу мақсатында қолданылады.

3. Нормативтік құжаттарға сілтемелер

- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.
- Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
- Сулейман Демирель атындағы Университетінде оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процессін ұйымдастыру ережесі 2019 ж.

4. Анықтамалар және қысқарған сөздер

- **ECTS** – кредиттерді жинақтау және аударудың Еуропалық жүйесі. ECTS студенттің еңбегін өлшейтін жеке өзінің кредиттері бар жүйе. Студенттің еңбегіне: дәріске қатысу, дәрісханалық сағаттар және студенттің жеке жұмысына арналған сағаттар, емтихандарға дайындықтар мен сынаққа арналған шаралар жатады;
- **Major** – негізгі білім беру бағдарламасы; негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы;
- **Minor** – қосымша білім беру бағдарламасы; қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

5. Жауапкершілік және өкілеттік

Бұл ереже оқу-әдістемелік орталығы тарапынан әзірленген. Ереже сапа мониторинг бөліміне рәсімделуі үшін жіберіледі. Әкімшілік кеңесіне ұсынылып, талқыланғаннан кейін, ереже Ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі. Бұл ереже қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

6. Жалпы ережелер

Ереженің толық атауы: «Сулейман Демирель атындағы Университет» мекемесінде қосымша білім беру бағдарламасын (Minor) оқыту ережесі. Бұл ереже Minor қосымша білім беру бағдарламасы жайында жалпы мәліметті, Minor пәндеріне тіркелу жолы мен бағалау әдісін, өзгешеліктері мен Minor-каталогын қамтиды.

7. Жалпы мәлімет

Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) — қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) бойынша пәндерді таңдау мен игеру тәртібі аралас және бейіндік ББББ бойынша қосымша құзыреттерді алу, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.

Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) бойынша таңдалатын пәндердің көлемі 15-25 кредит /ECTS ретінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, қосымша ББББ пәндерін білім алушылар ЖК және ТК пәндері шеңберінде игереді және олардың көлемі негізгі ББББ бойынша тиісті дәрежені немесе біліктілікті беруге қажетті 240 академиялық кредиттердің жалпы көлеміне кіреді. Minor компоненті бар бағдарламалардың мазмұны ағымдағы ББББ-на қатысты факультет /мектеппен бірлесе анықталады. Білімгер өз ЖОЖ-ын қалыптастыру барысында бір семестрде 30 академиялық кредит/ECTS алғаны жөн. Сондай-ақ 20-40 академиялық кредит/ECTS аралығында алуға мүмкіндігі бар.

Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) пәндерін студент өз еркімен Minor-каталогынан таңдай алады.

Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) білім алушылардың бойында қосымша саланың құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Minor бағдарламасын игерген білімгер:

- еңбек нарығы талаптарына икемді келеді;
- көп қырлы, көпбейінді дағдыларға ие болады;
- еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болады;

8. Minor өзгешеліктері

- Minor каталогынан әрбір білімгер өз еркімен таңдау жасайды;
- Әр факультеттің шешіміне қарай бакалавриаттың екінші, үшінші, немесе төртінші курсында оқытылады;
- Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) пәндер көлемі 3-5 пәнді (15-25 кредит/ECTS) құрайды;
- Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) пәндері Major (негізгі ББББ-ның) ТК (электив) пәндерінің орнына алынады;
- Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) студент үшін аралас және бейіндік ББББ (смежные и профильные ОП) бағытта оқытылатын өзара байланысты пәндерден тұрады;
- Minor (қосымша ББББ-сы) Major (негізгі ББББ-ның) пәндерімен қатар оқытылады;
- Minor (қосымша ББББ) пәндерінің бағалары транскриптте көрсетіледі;
- Minor қосымша бағдарламасын сәтті аяқтаған білімгердің Minor бағыты Major (негізгі ББББ) бойынша алынатын дипломында көрсетіледі.

9. Minor-каталогы

Minor-каталогындағы пәндерді ББББ координаторларының ұсыныстары бойынша әр факультет өз бетінше анықтайды. Білім алушылардың сұраныстары да ескеріле алады.

Minor-каталогы үлгілері қосымшада (Қосымша 1) келтірілген. Ұсынылатын Minor каталогын (мысалы, 15 кредит/ECTS) іске асыру үшін, негізгі ББББ-да сондай көлемде ТК (мысалы, 15 кредит/ECTS) болуы шарт.

Minor бағдарлама пәндері порталға енгізіледі (Қосымша 2).

Minor-каталогындағы пәндер жыл сайын еңбек нарығына сай толықтырылып және жаңартылып тұрады. Жаңартылған Minor каталогы жаңа оқу жылының алдында Ғылыми кеңесте бекітіледі.

Белгілі бір бағыттағы Minor-каталогын таңдаған білімгер сол каталог құрамындағы пәндерді толығымен бітіруі керек.

10. Minor бағдарламасын оқу үшін қойылатын негізгі талаптар

- 15-25 кредит/ECTS көлемін құрайтын 3-5 пән оқу;
- GPA 2,0 кем болмауы керек (факультет/мектептің жеке талабына қарай өзгеріс болуы мүмкін);
- Ағылшын тілі деңгейі Intermediate-тен төмен болмауы тиіс (факультет/мектептің жеке талабына қарай өзгеріс болуы мүмкін);

- Білімгер тек бір Minor бағдарламасын таңдағаны жөн. Дегенмен де, білімгер негізгі білім беру бағытымен қатар бірден көп Minor бағдарламасын оқи алатынына сенімді болса және әр Minor бағдарламасына қатысты талаптарға сай келсе, екі Minor бағдарламасын таңдаса болады;
- Minor бағдарламасынан бас тарту академиялық күнтізбеге сай жүзеге асырылады;
- Факультет/мектептің жеке талаптары да ескеріледі.

11. Minor бағдарламасы бойынша кеңес алу

Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) жайында қажетті ақпаратты болашақ білім алушылар университетте қабылдау комиссиясы кезінде кеңесшілерден ала алады. Сонымен қатар, талапкерлерге арналған брошюра және басқа да ақпарат құралдары, және ресми сайт арқылы білуге болады.

Академиялық оқу жылы барысында білім алушыларға Minor бағдарламасы бойынша кеңесті эдвайзерден және тиісті кафедра не факультеттегі жауапты тұлғадан алуға болады. Minor ББББ тіркелместен бұрын әр факультет тарапынан бұл бағдарлама жайында жалпы мәлімет пен өзгешеліктерін, факультет ұсынатын Minor каталогын таныстыратын арнайы презентация өткізіледі.

Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) пәндеріне ұсынылатын тіркелу мерзімі - бірінші курстың екінші семестрі.

12. Minor бағдарламасына тіркелу

Minor бағдарламасын білімгер Major бағдарламасымен қатар оқуы керек. Бұл бағдарлама бакалавриат деңгейінің 1-ші курс студенттеріне оқу жылының екінші семестрінде таңдауға ұсынылады. Minor ББББ пәндері әр факультеттің шешімі бойынша бакалавриаттың екінші, үшінші, немесе төртінші курсында оқытылады.

Әрбір білімгер оқуға бір Minor бағдарламасын таңдай алады. Дегенмен де, білімгер негізгі білім беру бағытымен қатар бірден көп Minor бағдарламасын оқи алатынына сенімді болса, екі Minor бағдарламасын таңдаса болады.

Minor бағыты білімгер оқып жатқан негізгі білім беру бағдарламасының дайындық бағытына сәйкес келмеуі тиіс. Minor білім беру бағдарламасын оқуды таңдаған білім алушы 15-25 кредит/ECTS ретінде жүзеге асырылатын пәндер көлемін толық алып бітіруі тиіс.

Білімгерлердің негізгі және қосымша оқу пәндеріне (Enrollment) тіркелуін факультет/мектеп ұйымдастырады. Бұл ретте білім алушылармен ұйымдастыру-әдістемелік және кеңес беру жұмыстарын жүргізу үшін білім алушыларды қолдау қызметіне эдвайзерлер тартылады. Ішкі

электронды жүйеде ЖОЖ қалыптастыру білімалушының жауапкершілігінде. Оқытылатын пәндерге тіркелу Академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

Minor бағдарламасы бойынша кез келген академиялық қарыздар білім алушыға негізгі білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дәрежесін алуға кедергі келтіреді. Егер Minor ББББ пәндерін оқи бастаған білім алушы әрі қарай Minor-сіз, тек негізгі оқу бағдарламасы бойынша бакалавр дәрежесін алуға шешім қабылдаса, академиялық күнтізбеге сай Minor бағдарламасынан бас тартуы керек. Алып үлгерген Minor пәндерінің кредит саны теңесетін Major бағдарламасының ТК (электив) пәндері орнына саналады немесе оқу бағдарламасынан тыс кредиттар ретінде жазылады да, жалпы кредит көлеміне кіріп, транскриптте көрсетіледі.

Білімгерлерді Minor оқу пәндеріне және барлық оқу кезеңінде оқу жетістіктерін тіркеумен Білімгерлерге қызмет көрсету орталығы айналысады.

13. Minor бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау


Білімгерлердің барлық оқу түрлері бойынша оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар "A"-дан "D"-ға дейін азаю арқылы және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") балдарымен бағаланады.

"FX" белгісіне сәйкес келетін “қанағаттанарлықсыз” баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің/модулдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие болады. "F" белгісіне сәйкес келетін қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.


Minor бағдарламасының пәндері бойынша білім алушылар жалпы университеттің академиялық күнтізбесінде бекітілген мерзімдерде ағымдағы бақылаулар, қорытынды емтихан тапсыратын болады.

14. Minor бағдарламасын әзірлеу, жаңарту, талқылау, бекіту

Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) әр кафедрада жеке әзірленеді және жаңартылады. Содан кейін факультет кеңесіне ұсынылып, әр оқу жылының сәуір айында Оқу-Әдістемелік Кеңесте (ОӘК) талқыланады. Оң пікір алынған соң, сәуір айында Ғылыми Кеңесте бекітіледі.



Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) оқу процессі



Қосымша 1

Үлгі

Әр факультет ұсынылатын пәндер көлеміне (15-25 кредит/ECTS) сәйкес келетін кестені таңдап, толтыруы тиіс.

Бакалавриат білімгерлері үшін Minor каталогы

Факультет: _____

Minor бағдарламасының қысқаша сипаттамасы мен оқытудың нәтижесі:

_____

_____

_____

_____

Minor білім беру бағдарламалары	**Бағдарлама құрылымы**		
	Пән коды	**Пән атауы**	**Кредиттер**
(Атауы) ***(15 кредит/ECTS)***			5
			5
			5
		Барлығы:	**15**

Minor бағдарламасын оқу үшін қойылатын талаптар:

_____

_____

_____

_____

_____

Бакалавриат білімгерлері үшін Minor каталогы

Факультет: _____

Minor бағдарламасының қысқаша сипаттамасы мен оқытудың нәтижесі:

_____

_____

_____

_____

Minor білім беру бағдарламалары	**Бағдарлама құрылымы**		
	Пән коды	**Пән атауы**	**Кредиттер**
(Атауы) ***(20 кредит/ECTS)***			5
			5
			5
			5
		Барлығы:	**20**

Minor бағдарламасын оқу үшін қойылатын талаптар:

_____

_____

_____

_____

_____

Бакалавриат білімгерлері үшін Minor каталогы

Факультет: _____

Minor бағдарламасының қысқаша сипаттамасы мен оқытудың нәтижесі:

_____

_____

_____

_____

Minor білім беру бағдарламалары	**Бағдарлама құрылымы**		
	Пән коды	**Пән атауы**	**Кредиттер**
(Атауы) ***(25 кредит/ECTS)***			5
			5
			5
			5
			5
		Барлығы:	**25**

Minor бағдарламасын оқу үшін қойылатын талаптар:

_____

_____

_____

_____

_____

Қосымша 2

Minor ББП порталға енгізу

Minor (қосымша білім беру бағдарламасы) студент үшін **бейінді немесе бейінді емес** (профильный или непрофильный) бағытта оқытылатын өзара байланысты пәндерден тұрады.

1. Minor бағдарламасына тіркелместен бұрын білімгер Кеңес беру қызметінен (Advising desk) және координатордан кеңес алуы тиіс.
2. Minor бағдарламасында оқуды шешкен білімгер таңдаған каталогін көрсете отырып, өтініш жазуы қажет.
3. Білімгердің өтініші негізінде БҚКО-нан бұйрық шығарылуы тиіс.
4. Шығарылған бұйрық негізінде академиялық күнтізбе бойынша порталға тіркелу уақытында білімгерге тиісті ББП ашылады.

ББП 1	✓	Major
ББП 2	✓	Minor

Major ББП

1	2
3	4
5	6
7	8

Total: 240 ECTS

Minor ББП

1	2
3	4
5	6
7	8

Total: 240 ECTS

Комбинация (limit)

215 _____ 25
220 _____ 20
225 _____ 15

Білім алушы өз ЖОЖ-ын қалыптастыру барысында бір семестрде 30 академиялық кредит/ECTS алғаны жөн. Сондай-ақ 20-40 академиялық кредит/ECTS аралығында алуға мүмкіндігі бар.

5. Minor бағдарламасын сәтті аяқтаған білімгердің транскрипт және дипломында негізгі ББП мен қосымша ББП қатар жазылады (мысалы, Major in Computer science, Minor in Mathematics).
   5.1. Minor бағдарламасына тіркеліп, бірақ әрі қарай оқудан бас тартқысы келген білімгер өтініш жазып, БҚКО тарапынан бұйрық шығарылады.

5.2. Minor бағдарламасы бойынша алған пәндердің коды Major бағдарламасында бірдей болса, пәндер теңестіріледі. Ал кодтары әр түрлі пәндер куррикулумда YC-Yedek (қосымша) пәндер болып тұрады да, өтініш негізінде БҚКО тарапынан теңестіріледі.

Өзгерістерді тіркеу парағы

№	Бөлім атауы	Өзгеріс №	Өзгерту кестесі	Өзгерістер
1				
2				
3				
4				

Танысу парағы

№	Аты-жөні	Қызметі	Күні	Қолы